

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Румыния Үкіметі арасындағы Ұйымдасқан қылмысқа, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына, терроризмге және өзге де қауіпті қылмыстарға қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 2 ақпандағы N 124 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2003 жылғы 9 қыркүйекте Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Румыния Үкіметі арасындағы Ұйымдасқан қылмысқа, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына, терроризмге және өзге де қауіпті қылмыстарға қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Румыния Үкіметі арасындағы ұйымдасқан қылмысқа, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына, терроризмге және өзге де қауіпті қылмыстарға қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы

Келісім *

**(2004 жылғы 28 сәуірден бастап күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2004 ж., N 10, 63-құжат)*

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі және Р у м ы н и я Ү к і м е т і ,

өз азаматтарының өмірін, меншігін, негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың қажеттілігіне көз жеткізе отырып,

халықаралық ұйымдасқан қылмыстың қоғамға төніп келе жатқан қаупін түсіне о т ы р ы п ,

есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды теріс пайдаланудың және олардың заңсыз айналымының дүниежүзілік өсуіне аландаушылық білдіре о т ы р ы п ,

террористік актілерді болдырмау және оларға қарсы күрес жүргізу үшін күштерді бі р і к т і р у г е ұ м т ы л а о т ы р ы п ,

халықаралық ынтымақтастықтың басымдылығын трансұлттық қылмысты тиімді

алдын алудағы және қарсы күресудегі аса маңызды фактор ретінде мойындай отырып, өздерінің халықаралық міндеттемелерін сақтай отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасының, сондай-ақ Тараптар қатысушылар болып табылатын халықаралық шарттардың шеңберінде ұйымдасқан қылмысқа және басқа да қылмыс түрлерін анықтауды, олардың алдын алуды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді қоса алғанда, оларға қарсы күрес саласында

ы н т ы м а қ т а с а д ы .

1.1 Тараптардың ынтымақтастығы мынадай қылмыс түрлеріне:

- a) халықаралық ұйымдасқан қылмысқа;
 - b) есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын заңсыз өсіруге, өндіруге, сатып алуға, сақтауға, таратуға, импорттауға, экспорттауға және транзиттеуге, сондай-ақ оларды заңсыз сатуға;
 - c) халықаралық терроризмге және экстремизмге;
 - d) адамдардың өміріне, денсаулығына, бостандығына, адамның намысына және меншігіне қарсы бағытталған қылмыстарға;
 - e) қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш, улы, химиялық, биологиялық, бактериологиялық радиоактивті және ядролық заттарды, стратегиялық маңызды заттар мен технологияларды, сондай-ақ әскери технологияны заңсыз өндіруге, сатып алуға, сақтауға, импорттауға, экспорттауға, транзиттеуге және сатуға;
 - f) бағалы тастар мен металдар, тарихи және мәдени құндылықтар, сондай-ақ өнер туындылары деген заттары болып табылатын қылмыстарға;
 - g) жалған ақша жасауға немесе ақшаларды, құнды қағаздарды және басқа да қолма қол ақшасыз есептесу құралдарын, мөрлерді, ресми құжаттар мен басқа да маңызды құжаттарды қолдан жасауға, сондай-ақ оларды тарату мен пайдалануға;
 - h) заңсыз коммерциялық, қаржылық және банктік операцияларға және оларға
- б а й л а н ы с т ы қ ы л м ы с т а р ғ а ;**
- i) қылмыстық жолмен иеленген ақшалардың немесе өзге де мүліктердің
- з а ң д а с т ы р ы л у ы н а ;**
- j) адамдарды саудалауға, балаларды пайдалануға және жеңгетайлыққа;
 - k) адам мүшелерін және тіндерін заңсыз сатуға;
 - l) заңсыз көшіп-қону мен заңсыз болуды ұйымдастыруға;
- м) а л а я қ т ы қ қ а ;**
- n) көлік құралдарын ұрлауға, оның заңсыз айналымына және соған байланысты
- қ ы л м ы с т ы қ ә р е к е т к е ;**
- o) компьютерлік жүйелерді пайдалану арқылы жасалған қылмыстарға;
 - p) интеллектуалдық меншікке қарсы қылмыстарға;
 - q) с ы б а й л а с ж е м қ о р л ы қ қ а ;

г) экологиялық қылмыстарға;

с) меншікке қарсы қылмыстарға қарсы күреске қолданылады.

2. Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасының нормаларына сәйкес қоғамдық тәртіпті бұзушылыққа қарсы күресте ынтымақтасатын болады.

2-бап

1. Тараптар бір-бірімен дипломатиялық арналар бойынша хабарласады. Осы Келісімді орындау жөніндегі құзыретті органдар бұдан әрі "Құзыретті органдар" деп аталады.

2. Осы Келісімнің ережелерін орындау мақсатында Құзыретті органдар тікелей өз өкілеттіктері және құзыреті шегінде, өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасының нормаларына сәйкес ынтымақтасады.

3. Құзыретті органдар осы Келісімде көзделген мақсаттарға қол жеткізу үшін және оны орындау үшін техникалық ынтымақтастық туралы хаттамаларды жасасуы мүмкін.

4. Осы Келісімнің мақсатында Тараптардың Құзыретті органдары мыналар болып табылады:

Қазақстан Республикасының тарапынан:

Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті;

Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігі;

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі;

Румыния тарапынан:

Әкімшілік және ішкі істер министрлігі;

Румынияның барлау қызметі (терроризмге қарсы күрес мәселелері бойынша).

3-бап

Құзыретті органдар осы Келісімнің 1-бабында көрсетілген салаларда, өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасының нормаларына сәйкес әсіресе мынадай:

а) мыналарға қатысты өзара ақпарат алмасу: қылмыстың жасалуына күдікті адамдарға; қылмыстық топтарды ұйымдастыру; қылмыскердің және топтардың ойлау түрі; қылмыстың жасалу уақытына, орны мен әдісіне қатысты фактілер; қылмыс жасау құралдары, сақтауға тыйым салынған заттарды тасымалдау бағыттары мен жасыру орындары, шыққан жері мен пайдаланылуы; белгілі бір жағдайлар; заңды бұзу туралы ақпарат және мұндай қылмыстарды болдырмау мен олардың алдын алу үшін қабылданған шаралар;

б) жоспарланып жатқан терроризм актілері туралы, әсіресе егер олар мемлекеттер Тараптардың мүдделеріне қарсы бағытталса, сондай-ақ мүшелері осындай қылмыстарды жоспарлаған, жасап жатқан немесе жасаған террористік топтар туралы

а қ п а р а т

а л м а с у ;

с) қылмыс жасаудағы күдікті адамдарды немесе қылмыстық жауапкершіліктен немесе жазаны өтеуден жалтарушы адамдарға іздеу салуда ынтымақтастық;

d) хабар-ошарсыз кеткен адамдарға іздеу салуда ынтымақтастық, сондай-ақ адамдарды немесе танылмаған адамдардың мүдделерін сәйкестендіру актілері;

е) куәгерді қорғау бағдарламасынан алынған шараларды жүзеге асыруда ынтымақтастық, осындай мәселелерде ақпаратпен және тәжірибемен алмасу;

f) ұрланған заттарды және басқа да қылмыстық қол сұғушылық заттарын, оның ішінде көлік құралдарын іздеуде ынтымақтастық;

g) егер мұндайларды басқа Тараптың Құзыретті органдары талап етсе, өзге де ш а р а л а р д ы қ а б ы л д а у ;

h) қылмыстарды ашу мен тергеуде бірлескен жұмыс топтарын құруды қоса алғанда, кадрлық, техникалық және ұйымдастырушылық көмекті қамтамасыз етуде ынтымақтастықты өз ара үйлестіру;

i) үйлестіруші шараларды дайындау үшін қажет болғанда жұмыс кездесулерін ұ й ы м д а с т ы р у ;

j) криминалистикалық және криминологиялық зерттеулердің нәтижелері, қылмысты ашу мен тергеу техникасы, құзыретті органдардың ұйымдастырушылық құрылымы, кәсіби білім беру мен персоналды ынталандырудың жүйесі және қағидаттары, жұмыс әдістері мен пайдаланылатын жабдықтар туралы ақпарат алмасу;

k) бір-біріне қылмыс құралдарына немесе олардың салдарына қатысты ақпарат беру , сондай-ақ егер басқа Тараптың Құзыретті органдары бұл жөнінде сұрау салса, осындай заттардың үлгілерін беру;

l) жеке куәліктер, жол жүру құжаттары және азаматтық құжаттар дерекқорын басқаруға қатысты ақпарат алмасу;

m) шекарада басқаруды ұйымдастыруға әрі жүзеге асыруға қатысты ақпарат алмасу және осыған байланысты бақылау шаралары;

n) мамандардың деңгейін арттыру, қылмысқа қарсы күресу құралдарымен және әдістерімен таныстыру мақсатында олардың іссапарларға шығуын ұйымдастыру;

o) заңдар мен нұсқаулықтардың тиісті мәтіндерімен, талдаумен кәсіби ә д е б и е т т е р м е н өз ара алмасу ;

p) есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңды пайдалануын, әсіресе олардың теріс пайдаланылу мүмкіндігінің ерекшеліктерін бақылау жөнінде тәжірибе алмасу нысандарында ынтымақтасатын болады.

4-бап

Осы Келісімнің 3-бабында көрсетілген ынтымақтастық не Құзыретті органдармен келісілген, белгілі бір кезеңге есептелген және 2-баптың 3-тармағында көрсетілген хаттамалардағы бағдарламалардың негізінде не Құзыретті органдардың сұрау салуы бойынша жүзеге асырылады. Құзыретті органдар, егер бұлар осы Келісімнің мақсатына

сәйкес келеді, осы ниетке қатысты уақтылы хабарландырылуы тиіс басқа Тараптың Құзыретті органдарына тиімді болып табылады және мүдделеріне қызмет етеді деп есептесе, олар өз бастамалары бойынша іс-әрекет жасайды.

5-бап

1. Осы Келісімнің 4-бабында аталып кеткен сұрау салу байланыстың ресми арналары арқылы сұрау салынған Тараптың Құзыретті органдарына жазбаша түрде ұсынылуы тиіс. Жазбаша сұрау салу почтамен факсимильдік жолмен немесе Құзыретті органдармен келісілген кез келген басқа да тәсілмен жіберілуі мүмкін.

2. Шұғыл жағдайда мұндай сұрау салу ауызша жасалуы мүмкін және кейіннен 24 сағат ішінде жіберілген одан әрі жазбаша нысанда расталуы тиіс.

3. Сұрау салынған Тараптың Құзыретті органы мұндай сұрау салуды дереу орындайды. Қажет болған жағдайда сұрау салуды орындау жөнінде қосымша ақпарат сұратылуы мүмкін.

6-бап

1. Егер көмек көрсетуге, ынтымақтастыққа немесе ақпарат ұсынуға сұрау салу сұрау салынған Тарап мемлекетінің егемендігіне, қауіпсіздігіне немесе кез келген басқа да мүдделеріне қауіп төндіретін немесе егер осындай сұрау салуды орындау оның мемлекетінің ұлттық заңнамасының нормаларына немесе осы Тарап қатысушы болып табылатын халықаралық шарттардағы міндеттемелерге қайшы келген жағдайда, әр Құзыретті орган одан толық немесе ішінара бас тарта алады.

2. Сұрау салуды орындаудан бас тартылған немесе ішінара орындалған жағдайда сұрау салушы Тараптың құзыретті органдары бас тартудың себебі туралы жазбаша нысанда дереу хабардар етіледі.

3. Әрбір Құзыретті орган сұрау салуды орындауға немесе осылайша қол жеткізілген , басқа Тараптың Құзыретті органдары үшін міндетті болып табылатын нәтижелерді пайдалануға қатысты шарттарды белгілей алады.

7-бап

Осы Келісімнің ережелерін іске асыруда егер жекелеген жағдайда өзге тілдерді пайдалану келісілмеген болса, Тараптар орыс және ағылшын тілдерін қолданады.

8-бап

Жеке деректерді қорғау мақсатында, осы Келісімге сәйкес және өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасының нормаларына сәйкес ынтымақтастық шеңберінде Тараптар өздерінің Құзыретті органдары арқылы мынадай талаптарды сақтайды:

а) алушы Тарап деректерді ерекше мақсаттарда және беруші Тарап белгілеген шарттарға сәйкес пайдалана алады;

б) беруші Тараптың сұрау салуы бойынша алушы Тарап берілген деректердің орындалуы және бұл ретте алынған нәтижелер туралы ақпарат ұсынады;

с) деректер тек құзыретті органдарға ғана берілуі мүмкін. Деректерді басқа органдарға тек қана беруші Тараптың алдын ала жазбаша рұқсатымен берілуі мүмкін;

d) беруші Тарап берілетін деректердің дұрыстығын қамтамасыз етеді, деректерді берудің қажеттілігі мен бара-барлығын белгілейді. Дәйексіз немесе беруге жатпайтын деректер берілген жағдайда алушы Тарап дереу хабарландырылуы тиіс. Алушы Тарап қажетті түзетулер енгізеді, ал беруге болмайтын деректерді жояды;

e) деректері берілуі тиіс немесе берілген адам, егер бұл сұрау салушы Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасының нормаларымен рұқсат етілсе, берілген деректер және оларды пайдалану мақсаттар туралы ақпарат ала алады;

f) деректерді берген кезде беруші Тарап басқа Тарапқа өзінің мемлекетінің заңнамасында белгіленген деректерді жоюға арналған мерзімдер туралы хабарлайды. Бұл мерзімдерде қарамастан, жекелеген адамдарға қатысты деректер, егер қажет болып табылмайтын болса, жойылуы тиіс. Деректерді берген Тарап берілген деректердің жойылғандығы туралы және мұндай жоюдың себептері туралы хабардар етілуі тиіс. Осы Келісімнің қолданылуы тоқтатылған жағдайда оның негізінде алынған барлық деректер оның қолданылуы тоқтатылған күнге дейін жойылуы тиіс;

g) Тараптар деректерді берудің, қабылдаудың және жоюдың есебін жүргізуі тиіс;

h) Тараптар алынған деректерді заңсыз пайдаланудан, оларды өзгертуден немесе жариялаудан мұқият қорғауға міндетті.

9-бап

1. Тараптар осы Келісімді орындау мақсатында беруші Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес алынған сұрау салуларды қоса алғанда алмасу нәтижесінде алынған барлық деректердің, ақпараттардың, материалдар мен жабдықтардың қорғауына кепілдік беретін болады.

2. Беруші Тарап белгілеген қорғау дәрежесі өзгертілмейді.

10-бап

Осы Келісімге сәйкес алынған ақпаратты, жабдықтарды және үлгілерді басқа мемлекеттерге беру тек беруші Тараптың жазбаша келісімімен ғана мүмкін болады.

11-бап

1. Тараптардың әрқайсысы өз заңнамасының нормаларына сәйкес басқа Тарап мемлекетінің аумағындағы өзінің дипломатиялық өкілдігінің арнайы өкілін тағайындауы мүмкін.

2. Мұндай өкіл басқа Тараптың Құзыретті органдарымен байланыс, сондай-ақ техникалық ынтымақтастық жасайтын байланыс офицері ретінде әрекет етеді.

12-бап

Тараптардың бірлескен шешімімен қабылданған уағдаластықтарды қоспағанда, сұрау салуды орындаумен және іс-қимылды іске асырумен байланысты барлық шығындарды сұрау салған Тараптың Құзыретті органы көтереді.

13-бап

Осы Келісім Тараптардың өздері қатысушылар болып табылатын басқа да халықаралық екі жақты немесе көп жақты шарттардан туындайтын олардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

14-бап

1. Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

2. Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар мен келіссөздер жолымен шешетін болады.

15-бап

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағандығы туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және кез келген уақытта Тараптардың бірінің басқа бір Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы жіберген жазбаша хабарламасы бойынша күші жойылуы мүмкін. Осы Келісімнің қолданысы басқа бір Тарап осындай хабарламаны алған күннен бастап алты ай өткеннен кейін тоқтатылатын болады.

2003 жылдың 9 қыркүйек айында Астанада екі түпнұсқа данада әрқайсысы қазақ, румын, орыс және ағылшын тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі атынан*

*Румыния
Үкіметі атынан*